

## Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 15 шілдедегі № 1023 Жарлығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 25 желтоқсандағы № 453қбп Жарлығымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Президентінің 2012.12.25 № 453 қбп Жарлығымен.**

«Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңы 8-бабының 2-тармағына және «Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің құрылымын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 7 мамырдағы № 1085 Жарлығына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Қазақстан Республикасы Президентінің мынадай жарлықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) «Жоғары офицерлік және басшы құрамның адамдары атқаратын лауазымдар тізбесі туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 12 мамырдағы № 392 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2003 ж . , № 2 0 , 2 0 1 - қ ұ ж а т ) :

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің жоғары офицерлік құрамының адамдары атқаруға тиіс лауазымдар тізбесінде:

«Штабтар, бастықтары комитеті төрағасының бірінші орынбасары - жедел жоспарлау департаментінің бастығы - генерал-майор» деген жолдағы «- жедел жоспарлау департаментінің бастығы» деген сөздер алып тасталсын;

«Ұйымдастыру-жұмылдыру жұмысы департаментінің бастығы - генерал-майор» деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

«Департамент бастығы (халықаралық ынтымақтастық, мемлекеттік құпияларды қорғау, заң қызметі, бұқаралық ақпарат құралдарымен жұмыс және жұртшылықпен байланыс жөніндегі, Қорғаныс министрлігінің қызметін камтамасыз ету мәселелерімен айналысатынды қоспағанда) - генерал-майор»;

«Қарулы Күштердің Әскер тегі қолбасшысы - генерал-майор, генерал-лейтенант» деген жолдағы «Қарулы Күштердің» деген сөздер алып т а с т а л с ы н ;

«Қарулы Күштер түрлерінің Бас қолбасшысының орынбасары (тәрбие

жұмысы, тыл мәселелерімен айналысатынды қоспағанда) - генерал-майор» деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

«Қарулы Күштер түрлерінің Бас қолбасшысының орынбасары - генерал-майор, контр-адмирал»;

«Қарулы Күштердің Әскер тегі қолбасшысының бірінші орынбасары - генерал-майор» деген жолдағы «Қарулы Күштердің» деген сөздер алып тасталсын;

«Дивизия командирі - генерал-майор» деген жол алып тасталсын;

2 ) ( қ ұ п и я ) .

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*  
*Президенті* *Н.Назарбаев*